



ШЕШІМ

РЕШЕНИЕ

20__ жылғы _____

№ _____

Алматы қаласы

город Алматы

Алматы қаласында сыртқы (көрнекі) жарнаманы орналастырғаны үшін базалық ай сайынғы төлемақы мөлшерлемелерін арттыру туралы

Қазақстан Республикасының 2017 жылғы 25 желтоқсандағы «Салық және бюджетке төленетін басқа да міндетті төлемдер туралы (Салық кодексі)» Кодексінің 605 бабына, Қазақстан Республикасының 2001 жылғы 23 қаңтардағы «Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы» Қазақстан Республикасы Заңының 6-бабына сәйкес, VI сайланған Алматы қаласы мәслихаты **ШЕШІМ ҚАБЫЛДАДЫ:**

1. Осы шешімнің қосымшасына сәйкес, сыртқы (көрнекі) жарнаманы үй-жайлардың шегінен тыс ашық кеңістікте, Алматы қаласы аумағындағы жалпыға ортақ пайдаланылатын автомобиль жолдарының бөлінген белдеуінде және жалпыға ортақ пайдаланылатын автомобиль жолдарының бөлінген белдеуінен тыс жерде орналастырғаны үшін базалық ай сайынғы төлемақы мөлшерлемелері арттырылсын.

2. «Алматы қаласының аумағында сыртқы (көрнекі) жарнаманы орналастырғаны үшін ай сайынғы төлемақы мөлшерлемелерін бекіту туралы» VI сайланған Алматы қаласы мәслихатының XXXIII сессиясының 2018 жылғы 14 қыркүйектегі № 259 шешімі (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 1503 болып тіркелген, 2018 жылғы 16 қазанда электрондық түрдегі Қазақстан Республикасы нормативтік құқықтық актілерінің эталондық бақылау банкінде жарияланған) күші жойылды деп танылсын.

3. Алматы қаласы мәслихатының аппараты осы шешімді кейіннен ресми мерзімді баспа басылымдарында және интернет-ресурсында жариялауды қамтамасыз ете отырып, әділет органдарында мемлекеттік тіркеуді қамтамасыз етсін.

4. Осы шешімнің орындалуын бақылау Алматы қаласы мәслихатының экономика және бюджет жөніндегі тұрақты комиссиясының төрағасы С.А.Козловқа және Алматы қаласы әкімінің орынбасары М.Б. Әзірбаевқа (келісім бойынша) жүктелсін.

5. Осы шешім алғашқы ресми жарияланғаннан күннен кейін он күнтізбелік күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

Лауазымы

ТАӘ